

**2022-2023 оқу жылында
«РФММ» КеАҚ мектептерінің
7, 8–сыныптарында оқыту үшін
конкурстық іріктеуді ұйымдастыру және өткізу
Ережелері**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Білім беру грантын тағайындауға конкурсты ұйымдастыру және өткізу ережелері Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Республикалық физика-математика мектебі» (бұдан әрі – РФММ) коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғысына, филиал туралы ережеге сәйкес әзірленген және білім беру грантына үміткерлерді іріктеуді ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

1.2. Осы Ережелерде мынадай анықтамалар пайдаланылады:

- үміткерлер – орта білім беру ұйымдарында білім алушылар және РФММ-нің 7, 8-сыныптарында оқуға үміткерлер;
- қабылдау комиссиясы – конкурстық іріктеуді ұйымдастыру, өткізу және құжаттарды қабылдау жөніндегі комиссия;
- онлайн-сауалнама – Қабылдау комиссиясы бекіткен, қабылдау комиссиясының сайтында онлайн тіркелу кезінде толтырылатын сауалнама нысаны (www.admissions.fizmat.kz);
- заңды өкіл – оқуға түсушінің ата-анасы немесе заң бойынша оқуға түсушінің атынан әрекет ететін азамат.

2. Конкурсқа қатысуға тіркелу тәртібі

2.1. Құжаттарды қабылдау және үміткерлердің конкурстық іріктеудің ұйымдастыру үшін РФММ Басқарма Төрағасының бұйрығымен педагогикалық қызметкерлер, әкімшілік-басқару және оқу-көмекші персонал қызметкерлерінен қабылдау комиссиясы құрылады.

2.2. Конкурстық іріктеуді өткізу және конкурстық іріктеуден сәтті өткен үміткерлердің құжаттарын қабылдау мерзімдері, конкурстық іріктеуді өткізу орны мен күні РФММ Басқармасының шешімімен айқындалады және www.admissions.fizmat.kz сайтында жарияланады.

2.3. РФММ-ге түсу кезінде конкурстық іріктеуге қатысу үшін үміткер немесе оның заңды өкілі www.admissions.fizmat.kz сайтында онлайн-тіркеуден өтуі қажет.

2.4. www.admissions.fizmat.kz сайтында көрсетілген мерзімде онлайн-тіркеуден өтпеген үміткерлер қабылдау емтихандарын тапсыруға жіберілмейді.

2.5. Онлайн-тіркеуден өту кезінде үміткердің жеке деректерін туу туралы куәліктегі (немесе паспорттағы) деректерге сәйкес көрсету қажет.

2.6. Қабылдау емтиханының қорытындыларын шығару кезінде нәтижелер мынадай форматта жарияланады: үміткердің аты, үміткердің тегі, жинаған баллы, қабылдау комиссиясының үміткерді қабылдау туралы шешімі (оң немесе теріс).

2.7. Үміткердің фотосуреті онлайн-сауалнаманы толтыру кезінде көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Олай болмаған жағдайда үміткер қабылдау емтиханын тапсыруға жіберілмейді.

2.8. РФММ-ге қабылдау емтиханы 2 кезеңнен тұрады:

2.8.1. Бірінші кезең – FMPT;

2.8.2. Екінші кезең – негізгі емтихан; гранттарды тағайындау үшін кешенді тестілеу.

2.9. Үміткер FMPT-ді сәтті тапсыру үшін 2 мүмкіндікке ие; бірінші әрекет ақысыз негізде жүзеге асырылады. FMPT-ді қайта тапсыру әрекеті өтелетін негізде мүмкін болады. Қайта тапсыруға тіркелу үшін төленген төлем қайтарымсыз.

2.10. FMPT шекті балынан сәтті өту (мүмкін 20 баллдан 16 балл) негізгі емтиханға қатысу құқығын береді.

2.11. Конкурстық іріктеуге келесі тұлғалар қатысуға құқылы: Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 2-тармағында және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуы қағидаларында көзделген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 468 бұйрығымен бекітілген құжаттарды ұсынған жағдайда Қазақстан Республикасына отбасын біріктіру мақсатында келгендер. Білім беру грантын алуға тек Қазақстан Республикасының азаматтары ғана құқылы.

3. Конкурсты өткізу ережелері

3.1. Үміткерлерді іріктеу үміткерлердің РФММ-де оқуға қабілеттілігін, сондай-ақ 7-сыныпқа түсушілер үшін математика мен логика бойынша және 8-сыныпқа түсушілер үшін алгебра, геометрия және физика бойынша олардың дайындық деңгейін айқындау жолымен конкурстық негізде жүргізіледі.

3.2. Қабылдау комиссиясы белгілеген конкурстық іріктеуді өткізу мерзімдері барлық үміткерлер үшін бірыңғай болып табылады.

4. Конкурсты өткізу тәртібі

4.1. 7-сыныпқа оқуға үміткерлер үшін қабылдау емтиханы математика және логика бойынша білімді бағалау бойынша жауап нұсқаларымен тестілеу форматында өткізіледі.

4.2. 8-сыныпқа оқуға үміткерлер үшін қабылдау емтиханы алгебра, геометрия және физика пәндері бойынша білімді бағалауға жауап нұсқалары бар кешенді тестілеуден тұрады.

4.3. Негізгі емтиханды тапсыруға бөлінген уақыт 2 сағатты (120 минут) құрайды.

4.4. FMPT тапсыруға бөлінген уақыт - 40 минут.

4.5. Емтихан материалдарын тарату және үміткердің аудиторияда жүріс-тұрыс қағидаларын түсіндіру уақыты конкурс өткізу үшін бөлінген уақытта есепке алынбайды.

4.6 Үміткерге сұрақ кітапшасы, жауап парағы және жауап парағының көшірмесі беріледі. Үміткер барлық қажетті есептеулерді сұрақ кітапшасында орындайды, дұрыс жауаптарды жауап парағына енгізеді және жауап парағының көшірмесіне көшіріп алады, оны өзімен бірге алып кетеді. Жауап парағының көшірмесі нәтижелерді дұрыс жауаптар кодтарымен салыстыру үшін ғана қызмет етеді және заңды күші жоқ.

4.7 Дұрыс жауаптар коды РФММ қабылдау комиссиясының веб-парақшасында қабылдау емтиханы аяқталғаннан кейін бір тәулік ішінде жарияланады.

4.8 Тестілеу нәтижелерін тексеру және бағалау автоматтандырылған компьютерлік өңдеу әдісімен жүзеге асырылады.

4.9 Конкурс нәтижелері бойынша Апелляция көзделмейді.

4.10 Тестілеу нәтижелерін тексеруді жүзеге асыру кезінде нәтижелер үміткердің жауап парағынан оқылады. Сұрақ кітапшасында белгіленген жауаптар қарастырылмайды.

4.11 Тестілеу нәтижелерін тексеруді жүзеге асыру кезінде жауап парағын толтыру жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес белгіленгендер ғана дұрыс жауаптар болып есептеледі.

4.12 Конкурс нәтижелері тестілеу аяқталған күннен бастап 14 жұмыс күнінен кешіктірілмей жарияланады және www.admissions.fizmat.kz сайтында орналастырылады.

5. РФММ-ге қабылдау тәртібі

5.1. Қабылдау жинаған ұпай санына байланысты жүзеге асырылады.

5.2. Жәутіков атындағы ашық қалалық олимпиаданың жеңімпаздары (1-дәрежелі диплом); республикалық жасөспірімдер олимпиадасының қорытынды кезеңінің жеңімпаздары (1-дәрежелі диплом); математикадан Республикалық (1-дәрежелі диплом) Эйлер олимпиадасының жеңімпаздары (өткен оқу жылы); математика, физика және информатика пәндері бойынша халықаралық Жәутіков олимпиадасының жеңімпаздары; республикалық пәндік олимпиада жеңімпаздары; Халықаралық пәндік олимпиаданың жеңімпаздары (IBO, IMO, IOI, IChO, IPhO, IPO, IOAA) әңгімелесуден өткеннен кейін РФММ-ге конкурстан тыс қабылданады.

5.3. РФММ-ге қабылдау білім беру грантын тағайындау жөніндегі қабылдау комиссиясының хаттамасының негізінде Басқарма төрағасының бұйрығымен ресімделеді.

5.4. Қабылдау емтихандарының нәтижелерін шығарғаннан кейін конкурстан сәтті өткен үміткерлер келесі құжаттарды тапсырады (орындау мерзімі РФММ қабылдау комиссиясының интернет-ресурсында көрсетілген):

- 1) осы Ережелерге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқуға қабылдауға өтініш; ;
- 2) туу туралы куәліктің, оқушының ЖСН, жеке куәліктің көшірмелері (болған жағдайда);
- 3) ЖСН көрсетілген заңды өкілдің жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) 086/у нысанындағы медициналық анықтама (денсаулық паспорты) және 063 нысандағы медициналық анықтама (егу паспорты);
- 5) оқушыға мекенжай анықтамасы;
- 6) ата-анасының жұмыс орнынан анықтама;
- 7) алдыңғы оқу жылындағы оқушының үлгерім табельдерінің түпнұсқалары;
- 8) осы Ережелерге 2-қосымшаға сәйкес ҚР БҒМ бекіткен оқушының жеке ісі;
- 9) 3x4 көлеміндегі оқушының фотосуреті-2 дана;

Құжаттарды қабылдаудан бас тартуға мыналар негіз болуы мүмкін:

- 1) оқуға қабылдау туралы өтінішті белгіленген мерзімнен кешіктіріп беру;

2) осы Ережелердің 5.4-тармағында көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесін ұсыну, сондай-ақ дұрыс емес ақпарат беру.

6. Үміткерлердің резервтік тізімін қалыптастыру және үміткерлерді резервтік тізімнен РФММ-ге қабылдау тәртібі

6.1. Конкурс нәтижелері бойынша қабылдау комиссиясы білім беру грантына түсу үшін жеткілікті балл жинамаған, бірақ қабылдау комиссиясы белгілеген шекті деңгейден асатын нәтижесі бар үміткерлердің резервтік тізімін қалыптастырады.

6.2. Қабылдау емтихандарының нәтижелері тиісті оқу жылының екінші тоқсанының басына дейін жарамды.

7. Білім алушыларды ақылы негізде қабылдау тәртібі

7.1. Осы Ереженің 6.1-тармағына сәйкес резервтік тізімге енгізілген білім алушылар ақылы негізде білім алуға өтініш бере алады.

7.2. Орындар саны, ақылы негізде оқу ақысы, өтініштерді қабылдау мерзімдері және оларды қарау тәртібі «РФММ» КеАҚ Басқармасының шешімімен айқындалады.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Конкурстық іріктеуден өткен және білім беру грантын алған үміткердің заңды өкілі құжаттарды тапсырғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде РФБМ Басқармасы бекіткен нысан бойынша білім беру қызметін көрсету туралы шарт жасайды.

8.2. Конкурстық іріктеуден өткен және ақылы негізде оқуға қабылданған үміткердің заңды өкілі құжаттарды тапсырғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде РФММ Басқармасы бекіткен нысан бойынша ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасады.

8.3. Осы Ережемен реттелмеген мәселелерді РФММ басқармасы бекітілген РФММ нормативтік актілеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешеді.